

«LiTRO RSA» АВТОКЛУБЫНЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ

ГЛОССАРИЙ:

- **Автоклуб** – Сайтта және (немесе) «LiTRO» МҚ-да көрсетілген Меншік иесінің осы Қағидаларда көрсетілген талаптармен және тәртіппен кез келген өтініш білдірген тұлғаның атына түрлі сервистерін ұсыну нысаны.
- **Агент** – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін тәсілдермен жеке және (немесе) заңды тұлғалар арасында Жазылымды (дарды) одан әрі тарату мақсатында меншік иесі азаматтық-құқықтық шарт жасасқан дара кәсіпкер және (немесе) заңды тұлға (бұдан әрі – Келісім).
- **Контрагент** – азаматтық-құқықтық шарттың (бұдан әрі – Шарт) талаптарына сәйкес Меншік иесінен өзінің автопаркіне және (немесе) өз жұмыскерлері және (немесе) жеке автомобильдері бар жұмыскерлер үшін қызмет көрсету мақсатында Жазылым (дар) сатып алған дара кәсіпкер және (немесе) заңды тұлға. Жеке автопаркке қызмет көрсеткен жағдайда, Жазылым Автоклубқа қатысушы ретінде жауапты қызметкерге және (немесе) Контрагент қызметкеріне ресімделеді, бірақ берілген VIN-кодқа сәйкес тікелей автомобильге бекітіледі. Жеке қызметкерлерге және (немесе) жеке автомобильдері бар қызметкерлерге Жазылым ұсынылған жағдайда, жазылым Автоклубқа қатысушы ретінде жеке тұлғаға қатысты ресімделеді және жазылымның қолданылу мерзімі ішінде не осы тұлғаның Контрагентте қызмет көрсету және (немесе) жұмыс істеу мерзімі ішінде (Контрагент тиісінше хабардар еткен кезде) қолданылады.
- **Мүдделер қақтығысы** – Автоклуб қатысушыларының және (немесе) Автоклуб пайдаланушыларының атына өзі ұсынатын және іске асыратын сервистер шеңберінде Меншік иесінің контрагенттермен немесе агенттермен Шарттар немесе Келісімдер шеңберінде өзара қарым-қатынасын ескере отырып, олардың арасындағы даулы жағдай бойынша бір мезгілде екі және одан да көп тараптардың мүдделерін білдіру тәуекелі болатын жағдай, бұл Автоклуб / Меншік Иесінің мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін.
- **Жазылым** – Автоклубқа қатысушының тікелей Жазылым талаптарымен көрсетілген осы сервистердің атауларына және Автоклубқа қатысушы Автоклубқа жүгінген күні Автоклуб ұсынатын сервистердің өзекті және қолданыстағы тізбесіне сәйкес Қағидалардың қосымшаларын қоса алғанда, осы Қағидаларға сәйкес белсендірілген жазылымның қолданылу мерзімінде Автоклубқа қатысушыларға ұсынылатын автомобиль иелеріне арналған түрлі сервистерді қамтитын Автоклубтан кешенді шешім.
- **Автоклубты Пайдаланушы** – Автоклубқа қатысушы болып табылмайтын, бірақ автоклубтың өтеулі сервистерін алу үшін Автоклубқа жүгінген, осы Қағидалармен танысқан, олардың мазмұнына өзінің сөзсіз келісімін білдірген және Автоклуб ережелерін барлық адалдықпен ұстануға міндеттенген іс-әрекетке қабілетті жеке тұлға. Пайдаланушының атына Автоклубтың кез келген өтеулі сервисін көрсету фактісі Пайдаланушының осы Қағидалармен танысқанын және олардың мазмұнымен өзінің сөзсіз келісімін білдіргенін растау болып табылады.
- **Автоклубты Пайдаланушыны тіркеу** – осы Қағидалармен келіскен тұлғаның өзінің дербес деректерін және Автоклубтың өтеулі сервистерін алу мақсатында Қағидаларға сәйкес өзге де қажетті ақпаратты беру процесі.
- **Автоклубқа Қатысушыны тіркеу** - осы Қағидалармен келіскен және Автоклубқа қатысуға мүдделілік танытқан тұлғаның Автоклуб сервистерін кейіннен пайдалану мақсатында Қағидаларға сәйкес барлық қажетті Автоклуб пен міндетті ақпаратты ұсыну процесі.
- **Сайт** – Меншік иесіне тиесілі және litro.kz адресі бойынша орналасқан интернет-сайт:
- **Автоклубтың меншік иесі** – «LiTRO RSA» ЖШС.
- **Қамту аумағы** – Автоклубқа Қатысушыларға және (немесе) Пайдаланушыларына километраж үшін қосымша ақы алмастан (яғни өтеусіз негізде) сервистер көрсету қашықтығы. Қамту аумағы бойынша неғұрлым егжей-тегжейлі талаптар тікелей сатып алынған Жазылым талаптарымен немесе Шарт және (немесе) Келісім талаптарымен көрсетіледі.
- **Серіктес** – Автоклубқа Қатысушыларға және (немесе) Пайдаланушыларына Автоклуб ұсынатын сервистер саласында құзыретті білімі, тиісті жұмыс тәжірибесі бар, Автоклуб иесінің атынан және оның мүддесі үшін Автоклуб пайдаланушылары адресіне осы Қағидалардың мазмұнымен және шарттарымен келіскен және автоклубтың меншік иесімен қатысушылардың атына және (немесе) қатысушыларға сервистерді ұсыну талаптарын қамтитын тиісті сервистік шартқа қол қойған маман, дара кәсіпкер және (немесе) заңды тұлға.
- **Автоклубқа Қатысушы** – осы Қағидаларға сәйкес Автоклубта тіркелген, осы Қағидалармен танысқан, олардың мазмұнымен өзінің сөзсіз келісімін білдірген және Автоклуб Қағидаларын барлық адалдықпен ұстануға міндеттенген іс-әрекетке қабілетті жеке тұлға. Қатысушының Автоклуб қағидаларына сәйкес

Жазылымды сатып алу және (немесе) алу және оны белсендіру фактісі Қатысушының осы Қағидалармен танысқанын және олардың мазмұнымен өзінің сөзсіз келісімін білдіргенін растау болып табылады.

- «LiTRO» МҚ – автокөлік иелеріне, оның ішінде Автоклубқа қатысушыларға және (немесе) Пайдаланушыларына арналған әмбебап электрондық платформа (мобильді және веб-қосымша) болып табылатын барлық мүдделі тұлғаларға Меншік иесінің сервистерін алуға мүмкіндік беретін Меншік иесіне тиесілі мобильді қосымша.

1. Осы Автоклуб Қағидалары Автоклубқа қатысу және осы Қағидаларда көрсетілген талаптармен және тәртіппен Қамту аумағы шеңберінде Автоклубқа қатысушыларға және (немесе) Пайдаланушыларға сервистер ұсыну талаптарын айқындайды. Сервистерді Автоклубқа Қатысушыларға және (немесе) Автоклуб пайдаланушыларына тапсырысты «LiTRO» МҚ, Сайт («LiTRO» МҚ-ға қайта бағыттап отырып), сондай-ақ телефон қоңырауы (Қағидада көзделген жағдайларда) арқылы қабылдау арқылы ұсынады. Шарттың және (немесе) Келісімнің талаптары бойынша Автоклубқа Қатысушылардан тапсырыстарды қабылдаудың өзге де (қосымша) тәсілдері көзделуі мүмкін, олармен Контрагент пен Агент тиісінше танысуға міндетті.
2. Автоклубқа қатысу сатып алынған және (немесе) алынған және одан әрі тиісінше белсендірілген Жазылымның болуымен расталады.
 - 2.1. Тұлғаны Автоклубқа Қатысушы ретінде сәйкестендіру үшін пайдаланылатын Автоклубқа Жазылым оның автомобилімен емес, тікелей Автоклубқа Қатысушымен байланысты (егер Автоклубқа Жазылым, Контрагентпен жасалған Шартпен немесе Агентпен жасалған Келісіммен өзгеше көзделмесе), бұл ретте Автоклубқа Қатысушы жеке өзі келесілерге міндетті (кез келген делдалдардың қатысуынсыз, Контрагенттің қатысуымен байланысты қолданыстағы Автоклубпен жасалған Шартпен байланысты жағдайларды қоспағанда):
 - 1) Қағидалардың 9-тармағында көзделген тәртіппен Автоклубқа жазылуды іске қосу кезінде Автоклубқа берілген меншікті тіркеу деректерінің, сондай-ақ осы автомобильдің иесі ретіндегі Автоклубқа Қатысушының мәртебесін растайтын меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде оған тиесілі автомобильге қатысты ақпараттың өзектілігін бақылау.
 - 2) өзекті ақпараты бар өтінімді Автоклубтың info@litro.kz электрондық поштасына (бұдан әрі-Автоклуб поштасы) жіберу арқылы осындай ақпаратты уақтылы жаңарту, бұл ретте кез келген өзгерістер өтінім жіберілген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң күшіне енеді.
 - 2.2. Автоклубқа Қатысушыға тиесілі автомобильдің сәйкестендіру сипаттамалары өзгерген (мысалы, мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісін ауыстыру) немесе автомобильдің өзі өзгерген (ауыстырған) жағдайда, Қатысушыға Автоклуб сервистерін көрсету Автоклубқа жаңартылған ақпарат ұсынылғаннан кейін және Қағидалардың 2.1-тармағында көзделген мерзім өткеннен кейін жүзеге асырылады/қайта басталады.
 - 2.3. Қағидалардың 2.1-т, және 2.2. т. көрсетілген Қатысушы туралы деректерді және онымен байланысты ақпаратты өзгертудің кез келген басқа тәсілдері Автоклубпен қарастырылмаған.
 - 2.4. Өтінімді қарау нәтижесі бойынша Автоклуб Әкімшісі Автоклубқа Қатысушының мәліметтеріне қажетті өзгерістер енгізеді немесе дәлелді бас тартуды Автоклубқа Қатысушының электрондық поштасына жібереді. Автоклуб Әкімшісі өтінімді зерделеу кезінде белгілі бір мәліметтерді нақтылау және қосымша түсініктемелер алу үшін Автоклубқа Қатысушыға (немесе Контрагентке) қоңырау шалуға құқылы.
3. Автоклубқа Қатысушыға және (немесе) Пайдаланушысына сервисті (сервистерді) тікелей көрсетпес бұрын серіктес Автоклубқа Қатысушыда Автоклубқа белсендірілген Жазылымның бар-жоғын не Автоклуб Пайдаланушысының өтеулі сервиске ақы төлеу фактісін салыстырып тексереді, сондай-ақ Автоклубқа Қатысушыны және (немесе) Пайдаланушыны сәйкестендіруді жүргізеді.
4. Автоклубқа қатысушы «LiTRO» МҚ-да жазылым іске қосылған күннен бастап және оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін көрсетілетін Автоклубтың белсендірілген Жазылым талаптарына сәйкес Автоклуб сервистерін пайдалануға құқылы.
 - 4.1. Бұл ретте, сервис оған тапсырыс беріп, сервисті тікелей орындаушы Автоклуб тағайындағаннан кейін Автоклубқа Қатысушы оны алудан бас тартқанына қарамастан, Қатысушыға Сервис көрсету және бұл туралы хабардар ету үшін Серіктес маманын Автоклуб тағайындау кезінде пайдаланылған Қатысушы болып есептеледі. Егер Қатысушы сервисті тікелей орындаушы Автоклуб тағайындағанға дейін сервисті ұсынудан бас тартса, бұл жағдайда сервисті Автоклубқа Қатысушы пайдаланбаған деп тануы мүмкін.
 - 4.2. Автоклуб Жазылымы Жазылым компоненттерінің (құрамдас бөліктерінің) кез келгенін (тіпті біреуін) пайдаланған күннен бастап Автоклубқа Қатысушы пайдаланған болып есептеледі.
 - 4.3. Автоклубқа Қатысушы Жазылымды сатып алған және (немесе) оны іске қосқан сәттен бастап 48 (қырық сегіз) сағат ішінде жазылуға кіретін сервистердің ешқайсысы көрсетілген уақыт ішінде пайдаланылмаған жағдайда ғана Жазылым құнын қайтаруды жүзеге асыруға құқылы. Көрсетілген уақыт аралығы өткеннен кейін Автоклубқа Қатысушының Жазылым құнын қайтаруға құқығы жоқ.
 - 4.4. Жазылым құнын қайтару үшін Автоклубқа Қатысушы Автоклубтың info@litro.kz электрондық адресіне өзінің Т.А. Ә., Жазылымның № көрсете отырып және Жазылым үшін төленген төлем туралы ақпарат беріле отырып (Жазылымның төленгенін растайтын чектің, түбіртектің немесе төлем тапсырмасының көшірмесі) тиісті өтінім (өтініш) береді.Ақпарат пен ұсынылған құжаттардың шындыққа сәйкестігі және Қағидалардың 4.3-тармағы талаптарының сақталуы кезінде Автоклуб Жазылым үшін төлем жүзеге асырылған сол банктік картаға Автоклубқа Қатысушы

жүгінген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жазылу құнын қайтаруды жүргізеді.

5. Автоклуб Пайдаланушысы белгілі бір сервиске тапсырыс берілген күнге Автоклуб тарифтеріне сәйкес өтеулі негізде Автоклуб сервистерін пайдалануға құқылы. Автоклуб Пайдаланушыларына ақылы негізде ұсынылатын сервистер туралы өзекті ақпарат сайтта және (немесе) «LiTRO» МҚ-да орналастырылады, бұл ретте сервистердің тікелей түрлерін Меншік иесі өз қалауы бойынша өзгерте алады.
6. Автоклубтың кез келген сервисін, Автоклубтың белсендірілген Жазылымын ұсыну үшін Автоклубқа жүгінген тұлғада Автоклубтың қызметкері және (немесе) жұмыскері қамқорлық пен клиентке бағдарлануын көрсете отырып, оған Автоклубқа Қатысушы бола отырып, Жазылымды сатып алуды және белсендіруді ұсынады. Жазылымды сатып алудан бас тартылған жағдайда (балама ретінде) қажетті сервисті (егер ол Автоклуб Пайдаланушыларына біржолғы өтеулі негізде берілетін сервистер тізбесіне енгізілген болса) Автоклуб жүгінген тұлғаға өтеулі негізде беруі мүмкін, бұл ретте мұндай тұлғаның мәртебесі Автоклуб Пайдаланушысына теңестіріледі.
 - 6.1. Сервисті ұсыну үшін Автоклубқа жүгінген және осы сервистің толық сомасын төлеген тұлғаның осы сервистің құнын тек мынадай жағдайларда ғана қайтаруды жүзеге асыруға құқығы бар:
 - 1) егер тұлға Автоклуб сервисті тікелей орындаушы болып тағайындалғанға дейін (яғни, Автоклуб қызметкерінің және (немесе) Автоклуб жұмыскерінің және (немесе) Серіктес маманының сервисті алуға тапсырысты Автоклубқа жіберген тұлғаның атына бірінші жауап қоңырауына дейін) өзінің тапсырысынан бас тартқан жағдайда ғана төленген соманың 100% -ын қайтару жүзеге асырылады;
 - 2) егер тұлға Автоклуб серіктесінің тікелей маманы тағайындағаннан кейін, бірақ осы маман Сервис көрсету орнына келгенге дейін өз тапсырысынан бас тартқан жағдайда, төленген соманың 50% - қайтару жүзеге асырылады. Тікелей орындаушы Сервис көрсету орнына келген жағдайда осы сервистің құнын (оның кез келген бөлігінде) қайтаруды жүзеге асыру мүмкіндігі болмайды.
 - 6.2. Төленген сервисті қайтару үшін Автоклубқа жүгінген тұлға өзінің Т.А.Ә., тапсырыс берілген сервистің атауын, жағдайды сипаттауды және жүргізілген төлем туралы ақпаратты (Автоклуб адресіне сервистің төленгенін растайтын чектің, түбіртектің немесе төлем тапсырмасының көшірмесі) көрсете отырып, Автоклубтың info@litro.kz электрондық адресіне тиісті өтінім (өтініш) береді. Ақпарат пен ұсынылған құжаттар шындыққа сәйкес келген кезде Автоклуб жоғарыда көрсетілген мөлшерде Сервис құнын Автоклубтың сервисті (тері) үшін төлем жүзеге асырылған сол банк картасына жүгінген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қайтаруды жүргізеді.
7. Автоклубқа қатысуды осы Қағидаларға сәйкес тиісті түрде белсендірілген Жазылым бойынша Автоклубқа Қатысушы сатып алуы немесе алуы мүмкін:
 - 7.1. Автоклубқа Қатысушының өзі;
 - 7.2. Автоклубқа Қатысушы үшін кез келген жеке тұлға (сыйлық ретінде), бұл ретте "LiTRO" МҚ-да тіркеуді жүзеге асырған және Жазылымды белсендірген тұлға Автоклубқа Қатысушы болады;
 - 7.3. Автоклубқа Қатысушы болатын жеке тұлғаға Шарт талаптарына сәйкес Контрагенттен Жазылымды бере отырып, Меншік иесімен жасалған Шарт бойынша;
 - 7.4. Агенттен осы Келісімде айқындалған тәртіппен Жазылымдарды тарату жөніндегі меншік иесімен келісім шеңберінде.
8. Жазылымның қолданылу мерзімі Автоклуб оны іске қосқан күннен бастап кемінде 1 (бір) жылды құрайды, бұл ретте Автоклубтың тікелей Қатысушысының нақты Жазылым мерзімі де Шарттың және (немесе) Келісімнің талаптарымен (Қатысушының Қағидалардың 7-тармағына сәйкес Автоклубқа қатысу құқығын қалай алғанына немесе алғанына байланысты) айқындалуы мүмкін. Жазылым мерзімі аяқталған күннен бастап Автоклубқа Қатысушыда, сондай-ақ жарамсыз / белсендірілмеген Жазылымдар бойынша қызмет көрсетуді Автоклуб өзіне жүгінген тұлғалардың атына Қағидалардың 5-тармағында көзделген талаптармен ғана көрсетуі мүмкін.
9. Автоклубқа қатысудың барлық артықшылықтары Қатысушыға Автоклуб Жазылымы іске қосылғаннан кейін беріледі. Автоклуб Әкімшісінің Автоклубтың Жазылымын белсендіруі тұлғаның Автоклубтың нақты Қатысушысы мәртебесін алуы үшін міндетті шарт болып табылады. Автоклубтың Жазылымды белсендіру келесідей жүзеге асырылады:
 - 1) Меншік иесінен «LiTRO» МҚ арқылы (немесе өзге де тәсілмен) Жазылымды сатып алған Автоклубқа Қатысушының өзі-бұл жағдайда жазылымды белсендіру Қатысушы Жазылым құнын сатып алғаннан және тиісті төлегеннен кейін бірден жүргізіледі;
 - 2) Қатысушының Контрагенттен немесе Агенттен алған түсіндірмелерін ескере отырып, оны бұрын Шарттың немесе Келісімнің негізінде меншік иесінен осы Жазылымды алған және (немесе) сатып алған Контрагенттен немесе Агенттен алған және (немесе) сатып алған Автоклубқа Қатысушының өзі – «LiTRO» МҚ арқылы жүзеге асырады. Егер Шартта немесе Келісімде өзгеше көзделмесе, осы белсендіру туралы өтінімді Автоклуб Әкімшісі Жазылымды белсендіру туралы өтініш жасаған сәттен бастап 24 (жиырма төрт) сағаттан кейін растайды;
 - 3) егер Шартта немесе Келісімде өзгеше көзделмесе, Автоклуб (Автоклуб Әкімшісі) деректерді алған кезден бастап 24 (жиырма төрт) сағаттан кейін жүргізілетін Автоклубқа Жазылымды кейіннен белсендіру үшін Шарттың

немесе Келісімнің талаптарына сәйкес Автоқлубқа Қатысушы туралы қажетті деректерді Контрагенттен немесе Агенттен Автоқлубқа (Автоқлуб Әкімшісіне) беру жолымен;

4) Шарт немесе Келісім негізінде көзделген өзге де тәсілмен;

5) сатып алынған немесе алынған Жазылым талаптарымен тікелей көрсетілген өзге тәсілмен.

10. Автоқлубқа Қатысушы мәртебесін алу талаптары Автоқлубқа жазылу үшін, сондай-ақ Автоқлубқа Қатысушыларға берілуі мүмкін Автоқлубтың артықшылықтары мен жеңілдіктері үшін ақы төленуі мүмкін емес және танылмайды, бұл ретте бұл төлемдер Қағидалармен немесе Шарттың немесе Келісімдердің талаптарымен тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, қайтаруға және (немесе) айырбастауға жатпайды, ол жерде төлемдерді қайтарудың ықтимал шарттары мен тәртібі көрсетілген.
11. Автоқлуб Жазылымдарының мәртебесі мен өзекті шарттары туралы толық ақпаратты «LiTRO» МҚ арқылы алуға болады.
12. Автоқлубқа Қатысушылар үшін Автоқлуб ұсынатын Меншік иесінің сервистерінің қолма-қол көрінісі және ақшалай құны болмайды (жекелеген тарифтер бойынша және біржолғы негізде пайдаланушылардың атына Автоқлуб ұсынатын сервистерді қоспағанда), осы Сервистер үшін көзделген қамту аумағының шекараларында, ал осы шекарадан тыс жерлерде осы сервистерде көрсетілген талаптармен ұсынылады. Шарттарға немесе Келісімдерге сәйкес ерекше талаптармен көзделген) және шығыс материалдарының құнын қамтымайды, бұл туралы Автоқлуб тарапынан алдын ала хабарланған жағдайда (сервис көрсетілгенге дейін) Автоқлубқа Қатысушылары немесе Пайдаланушылары төлейтін көрсетілген сервистерді ұсыну үшін қажет болуы мүмкін.
13. Автоқлубқа Қатысушылар Автоқлубқа Жазылым талаптарын басшылыққа ала отырып, келесілерге міндетті:
 - 13.1. осы Қағидаларға және сайтта Автоқлуб ұсынатын ақпаратқа сәйкес «LiTRO» МҚ немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де тәсілмен Автоқлубтың шарттары мен талаптарын сақтау;
 - 13.2. тіркеу кезінде «LiTRO» МҚ арқылы және (немесе) жай жазбаша тәсілмен – Автоқлубқа қажетті ақпаратты, оның ішінде дербес және (немесе) өзге де деректерді Автоқлубқа беру (Автоқлубтан тиісті сұрау салынған жағдайда);
 - 13.3. Жазылымды тіркеу кезінде Автоқлубқа өзінің дербес мәліметтерінің, автомобиль туралы ақпараттың және (немесе) оларға берілген байланыс ақпаратының өзгерістері туралы Автоқлубты хабардар етуге, әйтпесе Автоқлубтың тіркелген қатысушысы ретінде Жазылым иесін верификациялау мүмкін болмағандықтан, Автоқлуб өз сервистерін ұсынуудан бас тартуға құқылы.
14. Автоқлубқа Қатысушылар Автоқлубқа Жазылым талаптарын басшылыққа ала отырып, келесілерге құқылы:
 - 14.1. Жазылу мерзімі ішінде Автоқлуб артықшылықтарын алуға (Автоқлуб ұсынған жағдайда);
 - 14.2. егер Автоқлубқа қатысуды тоқтату күніне Автоқлуб Қағидаларымен өзгеше көзделмесе, бұрын жүзеге асырылған төлемдерді қайтару құқығынсыз Автоқлубқа қатысуын тоқтатуға.
 - 14.3. Автоқлубқа қатысуын тоқтатқаннан кейін Автоқлубтың info@litro.kz электрондық адресіне жазбаша талаппен Автоқлубқа хабарласуға, Автоқлубтың тікелей қызметінде өзіне бұрын берілген кез келген ақпаратты және (немесе) өзі туралы мәліметтерді, оның ішінде дербес деректерді пайдаланбауға.
15. Автоқлуб Жазылымы негізінде Автоқлубқа Қатысушыларға берілген құқықтар осы Қағидаларға сәйкес сатылмайды, берілмейді, басқа тұлғаға берілмейді немесе басқаша пайдаланылмайды.
16. Автоқлубтың құқықтары:
 - 16.1. егер Автоқлубқа Қатысушы Автоқлуб Қағидаларының тиісті түрде сақтамаған, өзіне берілген қандай да бір артықшылықтарды немесе құқықтарды теріс пайдаланған жағдайларда, оның кез келген Қатысушысының Автоқлубқа қатысуын кез келген уақытта (Автоқлубқа кірген күннен бастап және Жазылымның қолданысы ішінде) ескертусіз және кез келген себеппен тоқтатуға немесе Автоқлубқа басқа Қатысушыларының құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтірсе, біржақты тәртіппен қатысуын тоқтатуға құқылы, сондай-ақ Автоқлуб себебін түсіндірмей, Автоқлубтың кез келген қазіргі Қатысушысына ағымдағы Жазылымның қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін осы Қатысушы осы Жазылымның қолданысын ұзартқаны үшін Автоқлубтың атына ақы төлеуді жүзеге асырғанға дейін келесі мерзімге Автоқлубқа Қатысушы ретінде оның құқықтары мен міндеттерін ұзартудан бас тартуға құқылы;
 - 16.2. себептерін түсіндірместен, біржақты тәртіппен кез келген Автоқлуб Пайдаланушысына осы Пайдаланушы Автоқлубтың атына төлем жасағанға дейін өз сервистерін көрсетуден/ұсынуудан бас тартуға құқылы;
 - 16.3. өз қалауы бойынша кез келген уақытта осы Қағидаларға және Автоқлубтың артықшылықтар тізіміне кез келген өзгерістер енгізуге. Көрсетілген өзгерістер туралы ақпарат сайтта орналастырылады;
 - 16.4. Автоқлубқа Қатысушы үшін артықшылықтар мен жеңілдіктердің тізбесі мен қолжетімділігіне кез келген уақытта (алдын ала ескертусіз және тек өз қалауы бойынша) кез келген өзгерістер енгізудің талапсыз құқығын өзіне қалдыруға;
 - 16.5. Автоқлуб пайдаланушылары үшін іске асырылатын сервистер шеңберінде жекелеген тарифтердің құнын белгілеу және өзгерту, сондай-ақ Жазылымдар негізінде Автоқлуб Қатысушылары үшін ұсынылатын

сервистердің құрамы мен түрлерін өзгертуге;

16.6. себептер түсіндірілместен және біржақты тәртіппен автоклубтың кез келген қатысушысына және (немесе) пайдаланушысына мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда (лар) өздерінің кез келген сервистерін ұсынудан бас тартуға құқылы;

16.7. себебін түсіндірместен және біржақты тәртіппен кез келген Қатысушыға Сервис көрсету үшін негіз қатысушыда Автоклубқа жазылуды іске қосу күнінен бұрын болған жағдайда, Автоклубқа жазылу негізінде өзінің кез келген сервисін ұсынудан бас тартуға құқылы. Мұндай жағдайда қатысушы Автоклубқа жүгінген күнге автоклуб қағидаларының редакциясына сәйкес тек қана өтеулі негізде автоклуб сервистерін алуға құқылы;

16.8. Автоклуб қызметкері және (немесе) жұмыскері Автоклубқа Қатысушының және (немесе) Пайдаланушының сервиске тапсырыс беру сәтінде немесе тікелей көрсету сәтінде алкогольдік және (немесе) өзге де масаң күйде екенін айқындаған жағдайда, кез келген Автоклубқа Қатысушыға және (немесе) Пайдаланушысына өзінің кез келген сервисін немесе оған қызмет көрсетуді біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

17. Егер хабарлама Автоклубтың Сайты және (немесе) «LiTRO» МҚ, SMS, электрондық поштаға хабарлама жіберу сияқты коммуникация арналары арқылы және (немесе) байланыс деректерінде көрсетілген Автоклубқа қатысушының телефон нөміріне қоңырау шалу арқылы берілген болса, Автоклубтың қандай да бір артықшылықтары мен жеңілдіктерінің қолданылуын тоқтату немесе тоқтата тұру туралы хабарлама, Автоклуб атынан кез келген Автоклубқа Қатысушы атына жасалған болып есептеледі.
18. Қағидалардың осы талабына сәйкес кез келген Автоклубқа Қатысушы және (немесе) Пайдаланушысы өз қызметінде Автоклубқа, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде өздері ұсынған кез келген деректер мен мәліметтерді пайдалануға өзінің ерікті келісімін береді.
19. Осы Қағидалармен келісе отырып, кез келген Автоклубқа Қатысушы және (немесе) Пайдаланушысы Автоклубтан түрлі хабарламалар мен ұсыныстар алуға өз келісімін береді. Кез келген Автоклубқа Қатысушы барлық дербес ақпаратын Автоклуб өзінің тікелей қызметінде, оның ішінде Қағидалардың 17-тармағында көрсетілген кез келген тыйым салынбаған және ашық коммуникация арналары арқылы ақпаратты жіберу үшін Автоклуб Жазылымының мерзімі өткеннен кейін де өңделіп және пайдаланыла алады.
20. Меншік иесінің сервистерін іске асыру Автоклубтың ішкі регламенттері мен талаптарына сәйкес Автоклуб сервистерін білікті көрсету үшін қажетті дағдылары мен жабдықтары бар Автоклуб тартатын Серіктестердің күшімен жүзеге асырылады. Автоклубтың қажетті сервистерін көрсетудің тікелей мерзімі Автоклубқа Қатысушымен және (немесе) Пайдаланушымен олар «LiTRO» МҚ арқылы Автоклубқа жүгінген кезде келісіледі. Автоклубқа Қатысушыларға Автоклуб Жазылымдары бойынша, сондай-ақ Автоклуб Пайдаланушылары үшін біржолғы өтеулі сервистер бөлігінде сервистерді ұсынудың сипаттамалары мен талаптары - тікелей Сайтта және (немесе) «LiTRO» МҚ-да көрсетіледі.
21. Автоклубқа Қатысушыларға Жазылым бойынша Сервистерді ұсыну және Автоклубтың тікелей орындаушысының осы сервистерді көрсету орнына баруын болжайтын – қамту аумағының артында тек қана өтеулі негізде 1 км үшін 400 (төрт жүз) теңге есебінен жүзеге асырылады, Қатысушылар Контрагенттерден немесе Агенттерден сатып алған немесе алған Жазылымдарды қоспағанда - осы Жазылымдар бойынша Автоклубтың сервистерді көрсетуі Шарттардың немесе Келсімдердің ережелерімен реттеледі.
22. Автоклубқа Қатысушыларға Жазылым бойынша сервистерді ұсынған кезде және Автоклубтың тікелей орындаушысының осы сервистерді көрсету орнына баруын болжайтын жағдайда, осы Орындаушының Автоклубқа Қатысушының сервис көрсету орнында күту уақыты 20 (жиырма) минуттан аспайды, бұл ретте осы уақыт өткеннен кейін Орындаушы Автоклубтың жауапты тұлғасын тиісті хабардар ете отырып, шақыру орнынан кетуге құқылы.
23. Қатысушының автокөлігін эвакуациялау қажеттілігіне байланысты жазылу бойынша Автоклубқа Қатысушыларға сервистерді ұсыну үшін күту уақыты (15 минутқа дейін) белгіленген, оның аяқталуы бойынша Автоклубтың тікелей орындаушысы, сервис көрсету үшін шақыру орнында Автоклубқа Қатысушы болмаған жағдайда, осы тапсырысты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы. Бұл ретте, осы Сервис көрсету орнын көрсете отырып, Сервис көрсету қажеттілігі туралы тапсырысты жіберуді жүзеге асырған және ол көрсеткен жерде болмаған жауапсыз Автоклубқа Қатысушы, егер Автоклубтың тікелей орындаушысы келгенге дейін Қатысушы Автоклубты сервистен бас тарту туралы алдын ала хабардар етпесе, жалған қоңырау шалғаны үшін келесі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде кез келген Автоклуб сервисіне қайта тапсырыс беру, қызметті алу құқығынан айырылады. Автоклуб тіркеген алдыңғы жалған шақыру күнінен бастап күнтізбелік 1 (бір) ай ішінде қайта жалған қоңырау шалған жағдайда, Автоклуб біржақты тәртіппен Қатысушының Автоклубқа қатысуын оның Жазылымын жою жолымен және ол төлеген не өзге де жолмен енгізген сомаларды Автоклубтың атына қайтармай тоқтатуға, сондай-ақ оның деректерін сенімсіз клиенттер тізіміне енгізуге және болашақта ешқандай қызмет көрсетпеуге құқылы.
24. Қатысушының автокөлігін эвакуациялау қажеттілігіне байланысты Жазылым бойынша Автоклубқа

Қатысушыларға сервистерді ұсыну автомобильдің сынған жерінен және/немесе жол-көлік оқиғасы (бұдан әрі – ЖКО) орын алған жерден ғана көрсетіледі, ол жол-көлік оқиғасы фактісі бойынша Жол полициясы қызметкерлерінен алынған құжаттармен расталады, ТҚҚ пунктіне немесе Автоклубқа Қатысушы орын ретінде көрсеткен өзге де пунктке дейін, онда автомобиль жөнделеді.

Бұл ретте Автоклуб сервистің осы түрін ұсынған кезде Автоклубқа Қатысушы тарапынан теріс пайдаланулар болған жағдайда оларды Автоклубқа Қатысушыға беруден бас тартуға құқылы, олар бір автомобильді эвакуациялау үшін шақырту жиілігі шеңберінде көрінуі мүмкін – қатарынан 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде 1 (бір) шақыртудан артық.

Автоклубқа Қатысушы тарапынан қасақана және бірнеше рет теріс пайдаланылған жағдайда, Автоклуб осы Қағидалардың 16-тармағының ережелерін қолдануға құқылы.

Қатысушыға автокөлікті эвакуациялауға байланысты Автоклуб сервистері жоғарыда көрсетілген мерзімнен жиі талап етілетін жағдайларда Қатысушы Автоклубтың осы сервистерін Қағидаларға сәйкес тек қана өтеулі негізде пайдалануға құқылы.

25. Сот талқылауларында Автоклубқа Қатысушылардың және (немесе) Пайдаланушылардың мүдделерін білдіруге байланысты сервистердің кейбір түрлерін ұсыну сот шешімімен қанағаттандырылған немесе үшінші тұлғалардан Автоклуб өндіріп алған нақты төлем сомасынан қосымша ақы алу арқылы (бұдан әрі – Автоклубтың сыйақысы) жүзеге асырылады:
- 25.1. Серіктеспен жасалған Қызмет көрсету туралы шарт негізінде (мәтіні «LiTRO» МҚ-да және (немесе) Сайтта орналастырылған, Автоклубқа Қатысушының және (немесе) Пайдаланушының осындай Шартқа жазбаша қол қоюы немесе жария шартты акцептеу жолымен);
- 25.2. Автоклубқа Қатысушы және (немесе) Пайдаланушысы атынан осындай соттар қанағаттандырған немесе үшінші тұлғалардан өндіріп алынған сомаларды Автоклубтың шотына алу құқығымен соттарда мүдделер ұсынуға арналған нотариалды куәландырылған сенімхат бере отырып, оларды кейіннен Автоклубқа Қатысушының және (немесе) Пайдаланушының атына бұрын қол қойылған Автоклуб туралы шартта көзделген сыйақыны шегергенде бере отырып, Автоклубқа Қатысушының және (немесе) Пайдаланушының атына қызмет көрсету.
- Автоклуб сыйақысының нақты мөлшері жасалатын Қызмет көрсету туралы шарттың талаптарымен айқындалады.
26. Егер Автоклубқа Қатысушы және (немесе) Пайдаланушысы Автоклуб сервистерін пайдаланғысы келсе, онда тапсырыс «LiTRO» МҚ арқылы ресімделеді (яғни, Автоклубтың Жазылымына сәйкес Автоклубтың қажетті сервисі таңдалады) немесе Автоклубқа қоңырау шалу жүзеге асырылады, бұл ретте автоклубтың пайдаланушысы тапсырысты «LiTRO» МҚ-да мынадай мәліметтерді бере отырып ресімдейді:
- автомобиль маркасы және үлгісі;
 - автокөліктің мемлекеттік тіркеу нөмірлік таңбасы;
 - автокөліктің шығарылған жылы;
 - автокөліктің VIN-коды.
- Тапсырысты растау үшін «LiTRO» МҚ арқылы тапсырысты өңдеу уақыты сервис көрсетуге тапсырысты ресімдеген сәттен бастап 10 (он) минутты құрайды.

Біржолғы негізде ұсынылатын Автоклуб
сервистері бойынша жекелеген тарифтері:

1. «Жол бойындағы көмек» Жазылымының аясында:

p/c №	Біржолғы негізде ұсынылатын «Жол бойындағы көмек» Жазылымы шеңберіндегі сервистердің атауы	Автокөліктің санаты, сервисті теңгемен ұсыну құны		
		Седан, теңге	Кроссовер, теңге	Джип, теңге
1.	Техникалық кеңес беру	3 000	3 000	3 000
2.	Эвакуатор	15 000	18 000	23 000
3.	Аккумулятор заряды таусылған кезде қозғалтқышты іске қосу	6 000	6 000	6 000
4.	Көлікті жылыту - бензин қозғалтқышы	22 000	22 000	22 000
5.	Көлікті жылыту - дизельді қозғалтқыш	36 000	36 000	36 000
6.	Компьютерлік диагностика	10 000	10 000	10 000
7.	Жанармай жеткізу	6 000	6 000	6 000
8.	Техникалық сұйықтықтарды тасымалдау	6 000	6 000	6 000
9.	Дөңгелектерді үрлеп жіберу	6 000	6 000	6 000
10.	Дөңгелекті ауыстыру	6 000	6 000	6 000
11.	Дөңгелектерді жөндеу	6 000	6 000	6 000
12.	Дөңгелектің жгутпен тесілуін жөндеу	7 000	7 000	7 000
13.	Ұрлыққа қарсы жүйенің құлпын ашу	24 000	24 000	24 000
14.	Сактандырғышты ауыстыру	12 000	12 000	12 000
15.	Оталдыру жүйесіне диагностика жасау және реттеу	24 000	24 000	24 000
16.	Есік құлыптарын жөндеу және ретке келтіру	7 000	7 000	7 000
17.	ГБМ белдігін ауыстыру	18 000	24 000	-
18.	Клапан қақпағының тығыздағышын ауыстыру	12 000	-	-
19.	Қозғалтқыш жастығын ауыстыру	12 000	18 000	24 000
20.	Терезе тазалғыш щеткаларды ауыстыру	5 000	5 000	5 000
21.	Қанаттарды ауыстыру	10 000	10 000	10 000
22.	Шашыратқыштарды орнату	10 000	10 000	10 000
23.	Есік тұтқаларын ауыстыру	10 000	10 000	10 000
24.	Бүйірлік терезені ауыстыру	12 000	18 000	24 000
25.	Терезені көтергішті ауыстыру	24 000	26 000	30 000
26.	Бамперді ауыстыру	12 000	18 000	22 000
27.	РГК сұйықтығын ауыстыру	6 000	6 000	6 000
28.	РГК белдігін ауыстыру	12 000	18 000	22 000
29.	РГК сорғысын ауыстыру	18 000	24 000	30 000
30.	РГК сорғысының шлангісін ауыстыру	10 000	10 000	10 000
31.	Антифриз бен тосолды ауыстыру	10 000	10 000	10 000
32.	Помпаны ауыстыру	12 000	18 000	24 000
33.	Термостатты ауыстыру	12 000	18 000	24 000
34.	Келтеқұбырды ауыстыру	10 000	10 000	10 000
35.	Бензин сорғысын ауыстыру	15 000	18 000	24 000

36.	Қозғалтқыш бүріккішін ауыстыру	18 000	20 000	22 000
37.	Газ жетегі тросын ауыстыру	12 000	12 000	12 000
38.	Негізгі тежегіш цилиндрін ауыстыру	18 000	18 000	18 000
39.	Тежегіш шлангты ауыстыру	12 000	15 000	18 000
40.	Тежегіш дискіні ауыстыру	7 000	7 000	7 000
41.	Тежегіш сұйықтығын ауыстыру	10 000	10 000	10 000
42.	Артқы тежегіш цилиндрін ауыстыру	12 000	15 000	18 000
43.	Тежегіш барабанды ауыстыру	12 000	15 000	18 000
44.	Тежегіш жүйесін айдау	10 000	10 000	10 000
45.	Ілінісу тросын ауыстыру (механикалық беріліс қорабы)	10 000	10 000	11 000
46.	Отын сүзгісін ауыстыру (сыртқы)	6 000	9 000	9 000
47.	Салон сүзгісін ауыстыру	6 000	9 000	11 000
48.	Ауа сүзгісін ауыстыру	5 000	5 000	5 000
49.	Сыртқы гранатаны ауыстыру	15 000	16 000	18 000
50.	Руль тартқышын ауыстыру	12 000	15 000	18 000
51.	Шар тірегін ауыстыру	16 000	18 000	24 000
52.	Тұрақтандырғыш тіректерді ауыстыру	9 000	11 000	12 000
53.	Сыртқы граната тозаңдығын ауыстыру	12 000	16 000	18 000
54.	Руль ұштығын ауыстыру	12 000	15 000	18 000
55.	Күпшекті ауыстыру (жинақта)	12 000	16 000	18 000
56.	Артқы және алдыңғы аспалы амортизатор серіппелерін ауыстыру	15 000	18 000	24 000
57.	Алдыңғы және артқы аспа жинағындағы амортизаторды ауыстыру	15 000	18 000	24 000
58.	Жоғары вольтты сымдарды ауыстыру	7 000	9 000	12 000
59.	Генератор белдігін ауыстыру	10 000	12 000	15 000
60.	Генераторды ауыстыру	15 000	24 000	24 000
61.	Датчиктерді ауыстыру	12 000	12 000	12 000
62.	Сақтандырғышты қағып тастайды	12 000	12 000	12 000
63.	Терезе Тазалағыштарға қуат қосу	12 000	12 000	12 000
64.	Терезе көтергіштерге қуат қосу	24 000	24 000	24 000
65.	Радиатор желдеткішіне қуат қосу	7 000	7 000	7 000
66.	Ылғалдың капот астындағы кеңістікке енуі	15 000	15 000	15 000
67.	Капот астындағы электрониканы ауыстыру	48 000	54 000	60 000
68.	Панельасты электрониканы ауыстыру	72 000	72 000	72 000
69.	Трамблерді ауыстыру	12 000	18 000	21 000
70.	Стартерді ауыстыру	15 000	24 000	24 000
71.	Артқы фаралар шамдарын ауыстыру	7 000	7 000	7 000
72.	Алдыңғы фаралардың шамдарын ауыстыру	7 000	7 000	7 000
73.	Тұманға қарсы шамдарды ауыстыру	7 000	7 000	7 000
74.	Клаксонды ауыстыру	5 000	5 000	5 000
75.	Алдыңғы терезені жуғыш бүріккіштерді ауыстыру	5 000	5 000	5 000

76.	Нөмірлік жарықтандыру шамдарын ауыстыру	5 000	5 000	5 000
-----	---	-------	-------	-------

2. «АвтоАдвокат»¹ Жазылымының аясында:

р/с №	Біржолғы негізде ұсынылатын «АвтоАдвокат» Жазылымы шеңберіндегі сервистердің атауы	Тариф көлемі	
		Тіркелген тариф, теңге	Ауыспалы тариф, % / теңге
1	ЖКО кезінде автокөліктің зақымдануы жағдайында мүдделерді қорғау	30 000	10% (100 000 теңгеден кем емес)
2	ЖКО кезінде сақтандыру компаниясының бағалауын даулау	30 000	10% (100 000 теңгеден кем емес)
3	ЖКО кезінде сақтандыру төлемінен бас тартуға шағымдану	30 000	10% (100 000 теңгеден кем емес)
4	ЖКО кейін 1-ші инстанциядағы азаматтық сотқа қатысу	30 000	10% (100 000 теңгеден кем емес)
5	ЖКО кейін 2-ші инстанциядағы азаматтық сотқа қатысу	30 000	10% (120 000 теңгеден емес)
6	ЖКО кейін 3-ші инстанциядағы азаматтық сотқа қатысу	30 000	10% (240 000 теңгеден теңгеден емес)
7	Заңгерлік кеңес	10 000	-
8	Дауларды сотқа дейінгі реттеу	50 000	Дауға қатысушылар келіскен соманың 10 %
9	Жол полициясы қызметкерлерінің әрекеттеріне/әрекетсіздіктеріне дау айту бойынша шағымдар/арыздар дайындау	25 000	-
10	ЖКО-дан туындайтын даулар бойынша сотқа арналған өтінішхат/арыз дайындау	10 000	-
11	Жол қозғалысы/ЖКО мәселелері бойынша құжаттардың үлгілік нысандарын (тізбе бойынша) ұсыну	10 000	-
12	Атқарушылық іс жүргізуге бақылау жасау	70 000	-
13	Құжаттарды сотқа беру мерзімдеріне бақылау жасау	25 000	-
14	ЖКО-нан кейін 1-сатыдағы әкімшілік сотта қолдап отыру	88 000	-
15	ЖКО-нан кейін 2-сатыдағы әкімшілік сотта қолдап отыру	120 000	-
16	ЖКО-нан кейін 3-сатыдағы әкімшілік сотта қолдап отыру	240 000	-

¹ Қағидалардың Қосымшаларының қолданылуына қатысты қағидалар Глоссарийінде көзделген ескертпені ескере отырып.

Автоклуб сервисінің сипаттамасы²

p/c №	Сервис атауы ³	Сервисті ұсыну сипаттамасы/талаптары	Автоклуб Жазылымына сервистің қолданылуы
1	Медициналық кеңес	<p>Сервис Автоклуб Серіктесінен Автоклубқа Қатысушыларға арналған келесі қызметтерді қамтиды:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Автоклуб Серіктесінің бөлімшелеріндегі көрсеткіштер бойынша консультативтік-анықтамалық көмек және бағыттау; - дәрігердің қабылдауына жазылу, Автоклуб Серіктесінің бөлімшелерінде телемедициналық консультацияға жіберу; - дәрігердің алғашқы қабылдауына 15% жеңілдік беру; - диагностика мен емдеудің барлық түрлері бойынша Автоклуб Серіктесінің бөлімшелерінде дәрігерлер мен қызметтерді қабылдау кестесі туралы ақпарат алу. 	«Жол бойындағы көмек» және «Автоадвокат»
2	Туристтік кеңес	<p>Сервис Автоклубқа Қатысушыларға арналған келесі қызметтерді қамтиды:</p> <ul style="list-style-type: none"> - туристік бағыттар бойынша бағдарлау; - елдердің маусымдылығы туралы толық ақпарат беру; - виза, вакцинация, сақтандыру полистері және саяхатқа қажетті құжаттар туралы ақпарат беру; - саяхатшылар үшін лайфхактар туралы ақпарат беру: әлем жұлдыздарының қызықты орындары, фестивальдері мен концерттері. 	«Жол бойындағы көмек» және «Автоадвокат»
3	Ауыстыратын авто	<p>Автоклубқа Қатысушыға сервис ұсыну шарттары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қатысушы төменде белгіленген тәртіппен жүгінген кезде Автоклуб Автоклубқа Қатысушы туралы деректерді салыстырады. 2. Сервис ауыстырылатын автомобиль ұсынатын Автоклуб Контрагентінде (бұдан әрі – Автоклуб Контрагенті) Автоклубқа Қатысушы орналасқан жерде (қаланың әкімшілік шегінде) бос автомобильдер болған кезде ғана ұсынылады. 3. Сервисті ұсынудың ең ұзақ мерзімі жыл ішінде 5 (бес) күнтізбелік күнді құрайды. 4. Автоклуб Автоклубқа Қатысушыға қызмет көрсетуге тапсырысты тікелей және тек қана Автоклуб иесімен шарт жасасқан заңды тұлғаның дилерлік орталығы арқылы қабылдайды. Автоклубқа Қатысушының автокөлігі осы дилерлік орталықта жөнделуі тиіс. Тікелей Қатысушыдан Автоклуб Тапсырыс қабылдамайды. 5. Ауыстырылатын автокөлікті қайтаруды Автоклубқа Қатысушы оны алған күйінде, атап 	«Жол бойындағы көмек»

² Сервистерге қатысты жасалған Шарттардың талаптарына сәйкес оларды қолданудың/пайдаланудың өзге де талаптары белгіленген жағдайда – Автоклуб Қағидаларының осы Қосымшасының ережелері емес, осы Шарттарда көзделген талаптар қолданылатын/пайдаланылатын болады.

³ Көрсетілген кестеде көрсетілген сервистердің атауы Автоклубқа Қатысушының Жазылымында тікелей көзделуге тиіс, әйтпесе бұл сервис оған көрсетілмейді.

		<p>айтқанда таза күйінде және жанармайдың бірдей мөлшерімен жүзеге асырады.</p> <p>6. Сервисті алу үшін Автоклубқа Қатысушы дилерлік орталыққа жүгінуі керек, онда Автоклубқа Қатысушы өз көлігіне жөндеу жүргізеді.</p> <p>7. Осы сервис бойынша Автоклуб тек қана ауыстырылатын автокөлікті пайдалануға байланысты құнын төлейді, Автоклуб Контрагентіне барлық өзге талаптар мен төлемдерді Қатысушы дербес жүзеге асырады.</p>	
4	Сау жүргізуші	<p>Автоклубқа Қатысушыға сервис ұсыну талаптары:</p> <p>1. Автоклубқа Қатысушы «LiTRO» МҚ арқылы жүгінген кезде Автоклуб Автоклубқа Қатысушы туралы деректерді салыстырады.</p> <p>2. Сервисті көрсету мерзімі тапсырыс берілген күннен бастап 1 сағаттан аспайды. Сервис жыл ішінде 2 реттен артық ұсынылмайды.</p> <p>3. Тапсырыс «LiTRO» МҚ арқылы немесе телефон қоңырауы арқылы беріледі.</p> <p>4. Сервисті қамту аумағы тек әкімшілік қалалардың шекаралары болып табылады. Сервис тек А нүктесінен В нүктесіне дейін ұсынылады, жолдағы барлық басқа аялдамалар және т. б. Автоклуб қатысушысы өз бетінше төлейді.</p>	«Жол бойындағы көмек»
5	Автомобильдің тәуелді сараптамасы	<p>Автоклубқа Қатысушыға сервис ұсыну талаптары:</p> <p>1. Автоклубқа Қатысушы «LiTRO» МҚ арқылы жүгінген кезде Автоклуб Автоклубқа Қатысушы туралы деректерді салыстырады.</p> <p>2. Автоклуб қатысушымен келісілген мерзімде оған Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес автомобильдерді бағалауды жүзеге асыруға құқылы тәуелсіз бағалау компаниясын (бұдан әрі - ТБК) береді. ТБК есебінің уақтылы берілуін бақылау Автоклубқа да жүктеледі</p>	«Жол бойындағы көмек»
6	«Үйге» таксi	<p>Автоклубқа Қатысушыға сервис ұсыну талаптары:</p> <p>1. Автоклубқа Қатысушы белгіленген тәртіппен төменде жүгінген кезде Автоклуб Автоклубқа қатысушы туралы деректерді салыстырады.</p> <p>2. Сервисті көрсету мерзімі тапсырыс берілген күннен бастап 1 сағаттан аспайды. Қызметті жыл ішінде 2 рет алуға болады.</p> <p>3. Сервисті қамту аумағы тек әкімшілік қалалардың шекаралары болып табылады.</p> <p>4. Тапсырыс «LiTRO» МҚ арқылы немесе телефон қоңырауы арқылы беріледі, бұл ретте Автоклубқа Қатысушы сервисті тек А нүктесінен В нүктесіне (қосымша аялдамалар мен кірулерсіз) тапсырыс бере алады, бұл ретте сервис тек қана Автоклуб иесімен шарт жасасқан заңды тұлғаның дилерлік орталығына бару үшін немесе дилерлік орталықтан сапар үшін ұсынылуы мүмкін орталығы.</p> <p>5. Тiкелей сервис Яндекс Go мобильді қосымшасында ең төменгі тариф бойынша таксиге қоңырау шалу арқылы ұсынылады.</p>	«Жол бойындағы көмек»
7	Автобөлшектерді жеткізу	<p>Сервис Автоклубқа Қатысушыда автокөлік сынған кезде көрсетіледі, бұл ретте автокөлік бөлшектерін тасымалдау тегін жүзеге асырылады. Автокөлік бөлшектерін таңдауды,</p>	«Жол бойындағы көмек»

		олардың құнын сатушыға төлеуді Автоқлубқа Қатысушы алдын ала төлеу жолымен немесе сатушыдан чек негізінде автокөлік бөлшектерін тасымалдау фактісі бойынша дербес жүргізеді.	
8	Апаттық комиссар	Сервис автокөлікті тексеруден, фотоесеп жасаудан және Автоқлубқа Қатысушының автокөлігін тексеру актісінен тұрады. Қосымша Автоқлубқа Қатысушыға сақтандыру компаниясына өтінішті толтыру бойынша кеңес беріледі, Автоқлубқа Қатысушы үшін фотоесепті қалыптастыру бойынша қызметтер ұсынылады.	«Жол бойындағы көмек»
9	Автомобильді жөндеу уақытына такси	Автоқлубқа Қатысушыға сервис ұсыну талаптары: 1. Автоқлубқа Қатысушы белгіленген тәртіппен төменде жүгінген кезде Автоқлуб Автоқлубқа Қатысушы туралы деректерді салыстырады. 2. Сервисті көрсету мерзімі тапсырыс берілген күннен бастап 1 сағаттан аспайды. Қызметті жыл ішінде 1 рет алуға болады. Сапарға арналған Лимит - 5 000 (бес мың) теңгеге дейін, осы сомадан асқан жағдайда айырманы Автоқлуб Қатысушысы өз есебінен төлейді. 3. Тапсырыс «LiTRO» МҚ арқылы немесе телефон қоңырауы арқылы беріледі, бұл ретте Автоқлубқа Қатысушы сервиске тек А нүктесінен (Автоқлубқа Қатысушының автокөлігі жөнделетін ТҚҚ) В нүктесіне (түсіру пункті) дейін қосымша аялдамаларсыз және бағыттан ауытқусыз тапсырыс бере алады. 4. Сервисті қамту аумағы тек әкімшілік қалалардың шекаралары болып табылады. 5. Тікелей Сервис Яндекс Go мобильді қосымшасында ең төменгі тариф бойынша таксиге қоңырау шалу арқылы ұсынылады.	«Жол бойындағы көмек»
10	Сол орында ұсақ жөндеу	Сервис Автоқлубқа Қатысушыларға арналған келесі қызметтерді қамтиды: 1. Шыны тазалағыш щеткаларды ауыстыру. 2. Жанармай сүзгісін ауыстыру (сыртқы). 3. Салон сүзгісін ауыстыру. 4. Ауа сүзгісін ауыстыру. 5. Сақтандырғыштарды ауыстыру. 6. Қуатты радиатор желдеткішіне қосу. 7. Релені ауыстыру. 8. Артқы шамдарды ауыстыру. 9. Клаксонды ауыстыру. 10. Алдыңғы шыны жуғыш бүріккіштерді ауыстыру. 11. Нөмірлік жарықтандыру шамдарын ауыстыру.	«Жол бойындағы көмек»
11	Қонақ үйге тапсырыс беру	Автоқлубқа Қатысушыға сервис ұсыну талаптары: 1. Автоқлубқа Қатысушы «LiTRO» МҚ арқылы жүгінген кезде Автоқлуб Автоқлубқа Қатысушы туралы деректерді салыстырады. 2. Автоқлуб қызметкері және (немесе) Серіктес маманы қонақ үйдің атауын, тұру мерзімін, кіру және шығу күндерін нақтылайды. Автоқлубтың қызметкері және (немесе) Серіктестің маманы да Қатысушыға қонақ үй үшін төлемді Автоқлуб емес, тікелей Қатысушы жүзеге асыратынын хабарлайды. 3. Барлық деректер анықталғаннан кейін Автоқлуб қызметкері және (немесе) Серіктес маманы қонақ үйге қоңырау шалып, оның деректерін (аты-жөні, нөмірі және т.б.) көрсете	«Жол бойындағы көмек»

		отырып, оған бронь қояды. Сервис қонақ үйде бос орын болған жағдайда көрсетіледі.	
12	Таксиге тапсырыс беру	<p>Автоклубқа Қатысушыға сервис ұсыну талаптары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Автоклубқа Қатысушы «LiTRO» МҚ арқылы жүгінген кезде Автоклуб Автоклубқа Қатысушы туралы деректерді салыстырады. 2. Сервис Автоклубқа Қатысушы есебінен ұсынылады. 3. Автоклуб қызметкері және (немесе) Серіктес маманы Автоклубқа Қатысушыдан А (отырғызу пункті) және Б (түсіру пункті) нүктелерін нақтылайды. 4. Тікелей сервис Яндекс Go мобильді қосымшасында Автоклубқа Қатысушымен келісілген тариф бойынша қолма-қол төлемді көрсете отырып, такси шақыру арқылы ұсынылады. 	«Жол бойындағы көмек»
13	Компьютерлік диагностика	<p>Автоклубқа Қатысушыға сервис ұсыну талаптары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Автоклубқа қатысушы «LiTRO» МҚ арқылы жүгінген кезде Автоклубқа Қатысушы туралы деректерді салыстырады. 2. Қызмет автомобильдің электр тізбегінде ақаулар болған жағдайда ұсынылады. 	«Жол бойындағы көмек»
14	Автокөлік ЖКО-аға түскен кезде тапсырыс беру, қонақ үйге немесе ұшаққа билетті төлеу	<p>Автоклубқа Қатысушыға сервисті ұсыну талаптары біржолғы негізде жүзеге асырылады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жалпы лимит Шарттың талаптарымен (бұдан әрі – Лимит) айкындалады. 2. Сервис автомобильдің тек бір деңгелегіне байланысты зақымдануды қоспағанда, Автоклубқа Қатысушының автокөлігі ЖКО-ға түскен кезде, оны одан әрі пайдалану мүмкін болмаған кезде (автомобиль бұзылып қалды), сондай-ақ Автоклубқа Қатысушыны тіркеу (тұратын жерінің тіркеуі) және/немесе тұратын елді мекенінен тыс жерде ұсынылады. 3. Қызмет екі ұсыныстың біреуіне ғана таратылады – қонақүйге тапсырыс беру және төлеу немесе ұшақ билетіне тапсырыс беру және төлеу. 4. Сервис Автоклуб орналасқан елде орналасқан Автоклубтың Серіктес қонақүйлер желісінде бос орындар болған кезде ғана ұсынылады. 5. Тұру Автоклубқа Қатысушының автокөлігі ЖКО-ға түскен жерде (сол орынға жақын) орналасқан қонақүйде ғана сервис Лимитінің сомасы шегінде, сондай-ақ 3 тәуліктен аспайтын мерзімде беріледі. 6. Сервис Автоклубқа Қатысушының орналасқан елінен ұшып шығатын ұшақта (эконом-класс) бос орындар болған кезде ғана ұсынылады. 7. Сервис ЖКО орын алған елдің құқық қорғау органдары берген ЖКО басталу фактісін растайтын құжат болған кезде ұсынылады. 	«Жол бойындағы көмек» және «Автоадвокат»